

**Облыстық мәслихаттың 2001 жылғы 22 желтоқсандағы "Кейбір төлемдер түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы" N 14/4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық Мәслихатының шешімі 2002 жылғы 19 сәуірдегі N 17/8. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 23 мамырда N 644 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011 жылғы 26 қыркүйектегі N 38/16 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2011.09.26 N 38/16 Шешімімен**

ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 1665 "ҚР Үкіметінің 04.09.1998 жылғы N 840 және 07.04.2000 жылғы N 520 қаулыларының күші жойылуы туралы" P011665\_ және "01.01.2002 жылғы ҚР "Бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексін іс-әрекетке енгізу" P001497\_ қаулысына сәйкес облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мәслихаттың 2001 жылғы 22 желтоқсандағы "Кейбір төлемдер түрлері бойынша ставкаларды бекіту туралы" N 14/4 шешімге 2 қосымша 2002 жылға Солтүстік Қазақстан облысының қызмет ететін рыноктарында тауар сатумен айналысатын тұлғаларға арналған бір реттік талондардың ең төменгі ставкаларын бекіту бөлігі күші жойылды деп тоқтатылсын.

2. Жергілікті өкілдік органдарға ҚР іс-әрекеттегі заңнамасына сәйкес осы мәселе бойынша қабылданған шешімдерге өзгерістер енгізуі ұсынылсын.

Облыстық мәслихаттың  
XVII сессиясының  
төрағасы

Облыстық мәслихаттың  
хатшысы